

ЛЕНИН ТУЫ

ККП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ККП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№ 83 (9145) | 1953 жылғы 24 апрель Жұма | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйын.

Коммунизм орнату жолындағы күресте совет халқының бағыт беруші және бастаушы ұлы күші—Совет Одағының Коммунистік партиясы жасасын!

(СОКП Орталық Комитетінің 1953 жылғы Бірінші Майға арнаған ұрандарынан).

СОКП Орталық Комитетінің 1953 жылғы Бірінші Майға арнаған **УРАНДАРЫ**

1. Еңбекшілердің халықаралық ынтымақ күні, барлық елдердегі жұмысшылардың туысқандық күні —Бірінші Май жасасын! Пролетарлық интернационализмнің туын жоғары ұстайық!
2. Халықтар арасындағы бейбітшілік жасасын! Мүдделі елдердің өзара келісуі негізінде бейбітшілік жолмен шешуге болмастай даулы немесе шешілмеген мәселе жоқ!
3. Барлық елдердің еңбекшілері! Егер халықтар бейбітшілікті сақтау ісін өз қолына алып, оны ақырына дейін қорғайтын болса, бейбітшілік сақталады, нығаяды! Халықтардың бейбітшілік үшін күрестегі бірлігін нығайтыңдар, бейбітшілікті жақтаушылардың қатарын көбейтіп, топтастыра беріңдер!
4. Социализмді сйдағыдай орнатып жатқан халықтық демократия елдерінің еңбекшілеріне туысқандық сәлем! Халықтық- демократиялық елдер мен Совет Одағының мызғымас достығы және ынтымағы жасасын, нығая берсін!
5. Қуатты халықтық-демократиялық Қытай мемлекетінің құрылысында жаңа табыстарға жеткен ұлы қытай халқына туысқандық сәлем! Қыйыр Шығыста және бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік пен хауіпсіздіктің берік тірегі —Қытай Халық Республикасы мен Совет Одағының ұлы достығы нығайып, гүлдене берсін!
6. Өз Отанының бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күресіп жатқан қарман корей халқына туысқандық сәлем!
7. Бітім договорының тез жасалуы үшін, біртұтас, тәуелсіз, бейбітшіл, демократиялық Германия құру үшін күресіп жатқан герман халқына сәлем!
8. Ұлттық қайта туу үшін, тәуелсіз, демократиялық және бейбітшіл Жапония үшін ерлік күрес жүргізіп жатқан жапон халқына сәлем!
9. Империалистік езюшілікке қарсы, өзінің бостандығы және ұлттық тәуелсіздігі үшін күресіп жатқан стар және тәуелді елдердің халықтарына туысқандық сәлем!
10. Соғысты болдырмау және бүкіл дүние жүзінде баянды бейбітшілікті қамтамасыз ету жолындағы күресте Англия, Америка Құрама Штаттары және Совет Одағы халықтарының достығы жасасын!
11. Совет Одағының сыртқы саясаты —бейбітшілікті сақтаудың және баянды етудің, жаңа соғыс әзірлеуге және ашуға қарсы күрестің мызғымас саясаты, барлық елдермен халықаралық ынтымақ және іскерлік байланыстарды дамытудың саясаты жасасын!

жақсарты беріңдер! ССРО халық шаруашылығының барлық салаларында техниканы онан сайын мықтап алға бастырудың негізі—машина жасау өндірісінің күшті қарқынмен өркендетілуін қамтамасыз етейік!

25. Химия өнеркәсібінің қызметкерлері! Минералдық тыңайтқыштарды және халық шаруашылығына керекті басқа да химиялық өнімдерді өндіруді ұлғайтыңдар! Химия заводтары өнімінің сапасын жақсартыңдар!

26. Құрылыстың және құрылыс материалдары өнеркәсібінің жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, инженерлері мен техниктері! Жаңа кәсіпорындарын, тұрғын үйлерді, мектептерді, ауруханаларды неғұрлым тез салып, іске қосыңдар! Құрылыстың индустриялық әдістерін кеңінен енгізіңдер, механизмдерді жақсы пайдаланыңдар! Құрылыс бағасын кемітіп, сапасын жақсартыңдар! Отанымыздың құрылыстарына құрылыс материалдарын неғұрлым көп берейік!

27. Ағаш және қағаз өнеркәсібінің жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, инженерлері мен техниктері! Еңбек өнімділігін арттыра беріңдер, механизмдерді толық пайдаланыңдар! Өнімнің сапасын мейлінше жақсарты беріңдер! Елімізге ағаш материалдарын, қағазды және мебельді неғұрлым көп берейік!

28. Жеңіл және тамақ өнеркәсібінің жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, инженерлері мен техниктері! Көпшілік тұтынатын товарлардың сапасын жақсартып, түр-түрін көбейте беріңдер! Шикізатты үнемдендер, өнімнің өзіндік құнын кемітіңдер! Совет халқының өсіп отырған материалдық және мәдени керектерін қанағаттандыру үшін өнеркәсіп және азық-түлік товарларын көп шығарайық!

29. Советтік транспорттың қызметкерлері! Темір жолдардың қабылдау-жөнелту қабілетін арттыру үшін күресіңдер! Жүріс составтары мен автомашиналарды пайдалануды мейлінше жақсартыңдар! Жүк айналымын ұлғайтып, тасымалдың өзіндік құнын кемітіңдер! Жолаушыларға жақсы қызмет етіңдер! Темір жол және автомобиль транспортының жұмысты мінсіз атқаруын қамтамасыз етіңдер!

30. Байланыс қызметкерлері! Байланыс құралдарын дамытып, жетілдіре беріңдер! Почта, телеграф, телефон, радио жұмысының сапасын арттыра беріңдер! Халыққа қызмет етуді жақсартыңдар!

31. Теңіз және өзен флотының қызметкерлері! Халық шаруашылығына қажетті жүктерді тез жеткізіңдер! Тасымалдың көлемін ұлғайтыңдар, кемелердің айналымын тездетіңдер, порттардың және кеме жөндеу заводтарының жұмысын жақсартыңдар!

1953 жылғы кеме қатынасы маусымын үлгілі өткізу үшін күресіңдер!

Май мерекесі құрметіндегі өндірістік өрлеу

Теміржолшылар жарысы

Жаңа жеңістерге жігерлендіруде

Варабинск депосының машинисті П. Середаның үлгісі бойынша паровоздардың барлық қуатын сарқа пайдалану жолындағы жарыс Петропавл жол бөлімшесінің машинистері арасында қыза түсті. Таңдаулы машинистер Яшнин, Лесков, Антонов және басқа жолдастар ауыр жүк тиелген составтардың және локомотивтердің орта тәуліктік жүріс жылдамдығын арттырудың есебінен өз паровоздарының пайдалы жұмысын бір тәуліктің ішінде бір миллион тонна-километрге жеткізуде.

20 апрельде, бір тәуліктің ішінде, жол бөлімшесінің Макушино және Есілкөл участоктерінде әрбір поезд өзінің орта есеппен жүк көтеру мөлшерінен едәуір арттырылып өткізілді. Ауыр жүк тиелген составтарды алып өтуде Попов, Волков, Измайлов, Слюнько және басқа көптеген машинистер көрнекті табысқа ие болды.

Бұл күндері олар өз локомотивтерінің тәулік ішіндегі пайдалы жұмысын 900—950 мың тонна-километрге жеткізді. 20 апрельдің өзінде ғана ауыр жүк тиелген поезддар мен локомотивтердің жүріс жылдамдығын арттыру есебінен жол бөлімшесінде халық шаруашылығының 4 мың тонна жүк жоспардағыдан артық тасылды.

СОКП Орталық Комитетінің Ұрандары паровозшыларды жаңа жеңістерге жігерлендіруде.

Графикті асыра

дегі диспетчерлердің өзара жарысында Макушино участогінің диспетчері Елизавета Короткевич жолдас үздік көрсеткіштерге жетті. Ол соңғы кезегінің бірінде барлық поезддарды графикте көрсетілген мерзімнен бұрын өткізуді қамтамасыз етті.

Бесжүзші-машинист Демидов жолдас соңғы сапарын өте тамаша көрсеткішпен аяқтады. Ол ауыр жүк тиелген поезды Петропавлдан Макушиноға расписаниеден бір сағат 40 минут бұрын жеткізді.

Көптеген машинистер поезддарды графиктен біржарым сағат бұрын жеткізіп, жарыста алған міндеттемелерін асыра орындады. Бұлардың қатарында машинистер: Юркевич, Мезенцев, Пахомов және Кочетков жолдастар бар.

Үздік смена

Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің халықаралық жұмысшы табы мен еңбекшілердің туысқандық ынтымағы күні—Бірінші май мерекесіне арнаған ұрандарымен жігерленген теміржолшылар бесінші бесжылдықтың тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындау үшін еңбек өнімділігін бұрынғыдан да арттыра түсуде. Миллиондаған совет адамдары сыяқты олар да сүйікті Отанымыздың экономикалық қуатын нығайтып, халқымыздың тұрмыс және мәдениет дәрежесін үнемі жақсартуға беру ісіне өздерінің қажырлы еңбектерімен келелі үлес қосуда.

Петропавл жол бөлімшесінің

12. Жаңа соғыс өртен тұтандырушыларға қарсы, социализм үшін, демократия үшін, социализм үшін күресіп жатқан барлық халықтарға туысқандық сөлем!

13. Совет жауынгерлері! Өздерінің соғыс және саяси білімдеріңді қажырлылықпен арттырыңдар, өздеріңнің жауынгерлік шеберліктеріңді жетілдіре беріңдер! Социалистік мемлекеттің қорғаныс қуатын тынбай нығайта беріңдер!

Бейбітшіліктің және Отанымыздың хауіпсіздігінің күзетінде тұрған Совет Қарулы Күштерінің даңқы арта берсін!

14. Совет Одағының еңбекшілері! Коммунистік партия мен Совет Үкметінің төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтаса түсейік, барлық күшіміз бен творчестволық жігерімізді елімізде коммунизм орнатудың ұлы ісіне жұмылдырайық!

Коммунистік партияның, Совет Үкметінің және халықтың мызғымас бірлігі жасасын!

15. Совет Одағының жұмысшылары, колхозшылары, интеллигенциясы! Социалистік Отанымыздың қуатын мұнан әрі күшейте беруге және халықтың әл-ауқатын үздіксіз арттыра беруге бағытталған, партия мен үкмет жасап берген саясатты жүзеге асыру жолында белсене күресіңдер!

16. Совет Одағының еңбекшілері! Жұмысшы табы мен колхозшы шаруалардың мызғымас одағын, еліміздің халықтары арасындағы туысқандық достықты нығайта беріңдер! Көп ұлтты ұлы Совет мемлекетінің бірлігін қажырлылықпен нығайта беріңдер!

17. Совет азаматтарының біздің Конституцияда көпелдік жасалған праволары мызғымас берік және оларды Совет Үкметі қасиеттеп сақтайды.

Советтік Социалистік Республикалар Одағының Конституциясы жасасын!

18. Совет Одағының еңбекшілері! ССРО-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспарын орындау және асыра орындау жолындағы бүкілхалықтық социалистік жарысты онан сайын кең өрістетейік! Халық шаруашылығын жаңадан мықтап өркендету үшін, халықтың материалдық әл-ауқаты мен мәдениетін онан әрі арттыру үшін күресіңдер!

19. Совет Одағының еңбекшілері! Еңбек өнімділігін үздіксіз арттырыңдар! Өндірістің резервтерін ашып, кең пайдаланыңдар, үнем тәртібін бұлжытпай жүзеге асырыңдар! Шығарылатын өнімнің сапасын жақсартыңдар, оның өзіндік құнын кемітіңдер!

20. Көмір өнеркәсібінің жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, инженерлері мен техниктері! Көмір өндіруді арттырыңдар, шахталарды неғұрлым тез салып, іске қосыңдар! Жаңа машиналар мен механизмдерді кеңінен енгізіңдер! Халық шаруашылығына жоғары сапалы көмірді көп берейік!

21. Мұнай өнеркәсібінің жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, инженерлері мен техниктері! Мұнай сиважиналарын бұрғылау қарқынын, жаңа кәсіпшіліктер мен мұнай айыру заводтары құрылысының қарқынын күшейтіңдер! Халық шаруашылығына жоғары сапалы мұнайды және мұнай өнімдерін көп берейік!

22. Электр станцияларының және электр өнеркәсібінің жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, инженерлері мен техниктері! Жаңа энергетикалық қуаттарды тезірек қатарға қосыңдар! Халық шаруашылығының өсіп отырған қажетін электр қуатымен және электртехника жабдығымен үздіксіз қамтамасыз етіңдер!

23. Совет металлургиягері! Металлургия және кен-руда кәсіпорындарының қуатын пайдалануды жақсартыңдар, өндіріс процестерін механикаландыруды және автоматтандыруды өрістетіңдер! Еңбектің озат әдістерін кеңінен енгізіңдер!

Елімізге шойынды, болатты, пркатты және түсті металлдарды неғұрлым көп берейік!

24. Машина жасау кәсіпорындарының жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, инженерлері мен техниктері! Жаңа машиналар, аспаптар және жабдықтар жасауды неғұрлым тез игеріп, ұлғайтыңдар, олардың сапасын

32. Социалистік өнімділік пен мал шаруашылығының қызметкерлері! Барлық ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын онан сайын арттыру, қоғамдық мал санын көбейту және оның өнімділігін арттыру үшін қажырлылықпен күресіңдер! Елімізде ауыл шаруашылығы өнімдерінің молшылығын жасайық!

33. Колхозшылар мен колхозшы әйелдер! Еліміздің барлық колхоздарын онан сайын өркендетіп, гүлдендіре беріңдер! Қоғамдық шаруашылықты нығайтып, барлық жағынан өркендету үшін, колхоздар мен колхозшылардың табысын молайту үшін күресіңдер! Колхоз тұрмысының негізгі заңы — ауылшаруашылық артелінің Уставын қасиеттеп орындаңдар!

34. Совет саудасының қызметкерлері! Қала мен деревняда азық-түлік және өнеркәсіп товарлары саудасын күшейте беріңдер, магазиндер мен көпшілік тамақтанатын орындарды көбейтіңдер! Совет тұтынушыларына үлгілі қызмет етіңдер!

35. Мемлекеттік мекемелердің қызметшілері! Совет аппаратының жұмысын жақсартыңдар, мемлекеттік тәртіпті нығайтыңдар, социалистік заңдылықты қатаң сақтаңдар, еңбекшілердің тілегіне мұқият көңіл бөліңдер!

36. Ғылыми мекемелер мен жоғары мектеп қызметкерлері! Советтік ғылымды алға бастыра беріңдер! Ғылыми жұмыстағы көмшіліктерді ашатын сынды батыл өрістетіңдер! Ғылымның өндіріспен байланысын нығайтыңдар, халық шаруашылығына мамандар даярлауды жақсартып, ұлғайтыңдар!

37. Әдебиет және искусство қызметкерлері! Өздеріңіздің творчествоңыздың идеялық және көркемдік дәрежесін арттыра беріңдер! Ұлы халқымызға лайықты шығармалар жасаңдар!

38. Халық ағарту қызметкерлері! Мектептегі оқу-тәрбие жұмысының сапасын арттыра беріңдер, оқушыларды ғылым негіздерінің білімдерімен қаруландырыңдар! Социалистік қоғамның мәдениетті, білімді азаматтарын, коммунизмнің белсенді құрылысшыларын тәрбиелендер!

39. Медицина қызметкерлері! Халықтың денсаулығын сақтау ісін жақсартып, өркендете беріңдер, емдеу және санитария мекемелерінің жұмысында мәдениеттілікті арттыра беріңдер! Медицина ғылымының табыстарын практикаға енгізіңдер!

40. Совет әйелдері! Біздің социалистік ұлы Отанымыздың экономикасы мен мәдениетін онан сайын гүлдендіре беру үшін күресіңдер! Коммунизмнің белсенді құрылысшылары — совет әйелдері жасасын!

41. Коммунизмнің жас құрылысшыларының алдыңғы қатарлы отряды — Совет Одағы Коммунистік партиясының белсенді көмекшісі және резерві — Бүкілодақтық Лениншіл Коммунистік Жастар Одағы жасасын!

42. Коммунизм мектебі — совет кәсіподақтары жасасын!

43. Советтің жас жігіттері мен қыздары! Ғылымға, техникаға және мәдениетке жетіліңдер! Лениннің-Сталиннің ұлы ісінің жеңісі жолындағы күресте табанды және батыл болыңдар! Өздеріңнің қажырлы еңбектеріңмен Отанымыздың қуатын нығайта беріңдер, совет халқының коммунизм құрылысындағы табыстарын молайта беріңдер!

44. Коммунистер мен комсомолецтер! Бесінші бесжылдық жоспарды орындау және асыра орындау жолындағы, ССРО-да коммунизм орнату жолындағы күрескерлердің алдыңғы қатарында болыңдар!

45. Еліміздің халықтарының достығы мен даңқының берік қамалы, бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің мызғымас тірегі — ұлы Советтік Социалистік Республикалар Одағы жасасын!

46. Коммунизм орнату жолындағы күресте совет халқының бағыт беруші және бастаушы ұлы күші — Совет Одағының Коммунистік партиясы жасасын!

47. Лениннің — Сталиннің туы астында, Коммунистік партияның басшылығымен коммунизмнің жеңісіне қарай алға баса берейік!

Петропавл жол бөлімшесінің теміржолшылары Бірінші май мерекесін өндірістік жаңа табыстармен қарсы алу, поездарды жүргізудің графигін асыра орындау күресін күшейтуде. Мереке құрметіндегі бұл жарыста учасоктердің диспетчерлері инициатива көрсетті. Олар паровоз машинистері және поезд бригадаларымен социалистік жарысқа түсіп, өздерінің өндірістік көрсеткіштерін күннен күнге жақсартып отыр.

Графикті асыра орындау жөні-

Бірінші май мерекесі қарсаңында вагондарды поездардан ағытпастан жөндеу жұмысын ойдағыдай ұйымдастыруда. Ол басқарған сменаның коллективі апрель айының басынан бері поездардан ағытпастан 100-ге жуық вагондар жөндеді. Сменаның слесарьлары Паушканов, Расщупкин және басқа жолдастар өздерінің қажырлы еңбектерімен басқа теміржолшыларға үлгі көрсетуде.

П. ОСИПОВ.

Комсомолецтер вахтада

Совет ауданының комсомолецтері мен жастары Май мерекесі қарсаңындағы социалистік жарысқа белсене қатысуда.

«Көктерек» колхозында жұмыс істейтін комсомол-жастар трактор бригадасы өткен жылы трактор жұмыстарының жоспарын 111 процент орындаған болатын. Олар 1417 килограмм жанар және жағар майларын үнемдеген еді.

Быыл механизаторлар Май мерекесі құрметіндегі жарысқа ұштаса отырып, жаңа міндеттемелер алды. Әрбір тракторшы-комсомолец көктемде 15 аттық күші бар трактормен 125 гектар жер жыртып, көктем егісін 10 күнде аяқтауға уәде бергенді.

Қыялы элеваторының Еременко жолдас басқарған құрылыс бригадасындағы комсомол-жастар Май мерекесі құрметіндегі еңбек вахтасына тұрып, Бірінші майға дейін № 2 элеватордың жаңадан салынған жатқан негізгі үйін пайдалануға беру жолында еңбек қарқынын еселеп күшейте түсті. Сонымен бірге, элеватордың комсо-

молецтері мен жастары вагондарға астық тиіп және астық түсіргенде вагондардың бірде-бір сағат бос тұруын болдырмауға міндеттеме алды.

Көзір аудан колхоздарында тұқымды ауа-күн қызуымен жылыту басталды. Бұл жұмыста көптеген жас колхозшылар жақсы көрсеткіштерге жетіп жүр. Каганович атындағы колхоздың комсомолецтері егіннен мол өнім алу үшін колхоз басқармасына және колхоздың партия ұйымына белсене көмектесуде. Осы колхоздың жас колхозшылары А. Зновьяк, Н. Окс, Э. Барнт социалистік жарысқа ұштасып, қоғамдық мадды күту жұмысын жақсарты түсті. Олар әрбір сауын сыйырдан 1600 литрден сүт сауып, жас төлдерді толық сақтауға міндеттеме алған болатын. Алған міндеттемелерін аброймен жүзеге асыру жолына жас мал өсірушілер аянбай күш жұмсауда.

И. МҰҚАШЕВ,

ҚЛЖО Совет аудандық комитетінің секретары.

Мереке алдындағы сауда

Бағанның алтыншы рет кемітілуін совет адамдары Ленин—Сталин партиясы мен Совет мемлекетінің қала мен ауыл еңбекшілерінің тұрмыс және мәдениет дәрежесін бұрынғыдан да жақсарту беруге қамқорлық жасап отырғандығының, еліміздің экономикалық байлығы мен қуатының өскендігінің айқын сипаттамасы деп түсінді. Партия мен үкметтің бұл қаулысына совет адамдары қажырлы еңбекпен, бесінші бесжылдықтың тапсырмасын мерзімінен бұрын орындау үшін социалистік жарыста көтеріңкі міндеттемелер алып, еңбек өнімділігін арттырумен жауап беруде.

Қалалық сауда бөлімінің қызметкерлері Бірінші май мерекесі қарсаңындағы социалистік жарысқа ұштаса отырып, товар айналымы жөніндегі жоспарды орындауды қамтамасыз ету үшін және тұтынушыларды мәдениетті қамту үшін өздеріне нақты міндеттемелер алған болатын.

Осы жылдың 20 апрелінен бастап қалада Бірінші май мерекесі қарсаңындағы сауда басталды. Қала еңбекшілері қала-

лық сауда бөлімінің бөлшек сауда бөлімі арқылы 2 миллион сомның товарын сатып алатын болады. Соның ішінде ондаған тонна қант, 90 тонна кондитерлік өнімдер, 68 тонна жарма, 30 тоннаға жуық өсімдік майы және басқа еңбекшілердің тұтынуына ең қажетті товарлар дүкендерде көптеп сатылады.

Мұнан басқа апрельдің 22-нен 26 дейін 70 тонна бірінші сортты ұн сатылады. Қалалық сауда бөлімінің коллективі Бірінші май мерекесін қала еңбекшілерін мәдениетті қамтумен, олардың өскен тілектерін қанағаттандырумен қарсы алу үшін социалистік жарысқа ұштасып, өздеріне жаңадан нақтылы міндеттемелер алды. № 10 дүкен коллективі басқа сауда орындарымен бірге Май мерекесін лайықты табыстармен қарсы алу үшін әзірлік жұмысын күшейтуде. Бұл дүкен 1953 жылдың бірінші тоқсандық жоспарын артығымен орындап, даңқты мерекені жаңа табыстармен қарсы алғалы отыр.

А. АПРЕТОВА,

Қалалық сауда бөлімінің товароведі,

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті.

Марксизм-ленинизмді үйренушілерге көмек

Марксизмді творчестволықпен дамытудың тамаша үлгісі

(В. И. Лениннің Апрель тезистері туралы)

И. В. Сталинді жерлеуге арналған қара- лы митингте сөйлеген сөзінде ССРО Ми- нистрлер Советінің Председатели Г. М. Ма- ленков жолдас В. И. Ленин мен И. В. Сталиннің данышпандықтарын айта келіп, былай деді: «Біздің партиямыз партия мен халыққа жеңілмес күш беретін, та- рихта жаңа жолдар салу өнерін беретін марксизм-ленинизмнің ұлы іліміне еріп келеді. Лениннің және Сталиннің басшы- лығымен совет халқы адамзаттың тари- хында аса ұлы белбұрыс жасады, біздің елімізде капитализм құрылысын біржолата жойып, жаңа жолға—социализм жолына түсті».

Нақ осындай адамзаттың тарихында ұлы белбұрыс жасаудың негізі болған тарихи документ В. И. Лениннің Апрель тезистері деген даңқты еңбегі болды. Бұл еңбек марксизм-ленинизм қазынасынан ең көр- некті орын алады. Лениндік бұл еңбек Россияда 1917 жылғы орыстың февраль революциясы жеңген кезеңде жазыл- ды. Бұл кезде В. И. Ленин шетелде ку- ғында жүрген болатын. Россиядағы рево- люция оқыйғалары шетелдерге тек газет хабары арқылы ғана естіліп жатты. Бі- рақ, сол болмашы хабардың өзінен де ре- волюцияның көсемі В. И. Ленин еліміздің ішкі және сыртқы халықаралық жағда- йына ғылыми көрытынды жасады, револю- циялық төңкерістің сыйпатын, революция- ның қозғаушы күштері мен келешегін ай- қын көріп, оған қорытынды жасады.

II Интернационалдың оппортунистері бұрмалаған Маркс пен Энгельстің страте- гия және тактика туралы данышпандық пікірлерін қалпына келтірді және твор- честволықпен ол пікірді онан әрі дамы- тып, В. И. Ленин бұл еңбегінде пролета- риаттың революциялық жүресіне басшы- лық ету туралы тұтас ғылымды, больше- визмнің стратегиясы мен тактикасын жа- сады.

В. И. Ленин басты, түйінді міндетті бел- гілеу үшін сол кездегі тарихи жағдайдың бүкіл ерекшелігін объективтік ғылыми ма- териалистік көзқараспен зерттеп білді. В. И. Ленин 1917 жылы февраль рево- люциясы еліміздің тарихындағы ұлы өзгеріс болғандығын ашып көрсетті. Фев- раль революциясы буржуазиялық-демокра- тиялық сипаттағы революция болды, себе- бі бұл революцияның мақсаты патша өк- метін жолдан алып тастау, ел ішіндегі крепостниктіктің қалдықтарын жою еді. В. И. Ленин Февраль революциясы өзінің басты міндеті—патша өкметін құлату мін- детін орындады деді. Сонымен қатар, Ленин патша өкметін құлату революция- ның тек алғашқы кезеңі екенін, империали- змді күштеп соққаннан бастап, үшін

тік комитетінің жұмысына, «Правдаға» басшылық етті. Сталин, Молотов партия- ның көпшілігімен бірге, Лениндік жолды жүзеге асыру үшін күрес ұйымдастырып, оған басшылық етті. Сталин жолдас өзінің мақалаларында буржуазиялық-демокра- тиялық революцияның социалистік рево- люцияға ұласуы жолындағы күреске пар- тияны таластырды, уақытша үметке сен- беу саясатын қорғады, «обороншылдықты» әшкереледі, уақытша үкмет бұрынғыдан да төрі үдете түскен империалистік соғыс- қа қарсы күрес ұйымдастырды. Сталин жолдас халықтың революциялық өкмет ор- ны болған Советтерді құру, нығайту және барлық жерлерге жаю қажеттігін атап көрсетті, меньшевиктік-эсерлік қорғаныс- шыларға, Каменевтің, тағы басқа оппор- тунистердің жартылай меньшевиктік бағы- тына қарсы шығып, әшкереледі. В. И. Ленинмен бірге Сталин жолдас социалистік революция жолын жақтады. «Революцио- нерлердің борышы,—деп жазды Сталин жолдас,—тығыз топтасу және револю- цияны алға бастыру» (Шығармалар, III- том, 87-бет).

Ұзақ уақыт шетелде қуғында болған В. И. Ленин 3 (16) апрель күні Петро- градқа келді. Еңбекші халық ұлы көсемді асқан қуанышпен Финляндия вокзалында қарсы алды. В. И. Ленин бро- невиктің үстінде жыйналған халыққа ар- нап жалынды сөз сөйледі, социалистік ре- волюцияның жеңуі үшін күреске шақыр- ды. В. И. Ленин өзінің сөзін «Социалистік революция жасасын!» деп аяқтады.

Большевиктер партиясы үшін, револю- цияның болашағы үшін В. И. Лениннің тарихи үлкен өзгерістер болып жатқан Россияға келуінің орасан зор маңызы бо- лды. В. И. Ленин келген күннің ертеңіне- ақ большевиктердің жыйналысында соғыс және революция туралы баяндама жасады, содан кейін өз баяндамасының тезисін екінші жыйналыста қайталады.

В. И. Ленин тарихи жағдайға сәйкес мынадай жауынгерлік ұран жариялады: «Жұмысшылар, сіздер, патша өкметіне қарсы азамат соғысында пролетарлық, халықтық қаһармандықтың кереметін көр- сеттіңіздер, енді сіздер революцияның екін- ші кезеңінде өздеріңіздің жеңуіңізге даяр- лану үшін пролетарлық және жалпы ха- лықтық ұйымдасудың кереметін көрсету- леріңіз керек». (Шығармалар, XX-том, 19-бет).

Большевиктер партиясы социалистік революцияға көшудің тарихи міндетін орындауға өзінің өмірі бойына толық да- йындалған еді. Партия 1905—1907 жыл-

міндетін қойды. Сол арқылы ымырашы- ұсақ буржуазия партияларын әшкерелеп, шеттету керек болды. Бұл—революцияны бейбөт жолмен дамыту жайындағы нұсқау еді. Сталин жолдас В. И. Лениннің бұл данышпандық нұсқауын, кең насихаттап, жүзеге асыру үшін күрес ұйымдастырды.

В. И. Ленин сол дәуірдегі қоғамның экономикалық жағдайын да терең зерттеп, оған марксизм ғылыми тұрғысынан қоры- тынды жасады. Ол экономика жөніндегі социализмді «декреттеуге», бұйрық арқы- лы өндіруге болмайтынын айтып, социали- змді бірден «енгізуді» емес, социализмге жету жолында іс жүзінде бірқатар рево- люциялық нақтылы шараларды жүзеге асыруды ұсынды. Ленин еңалдымен поме- щиктердің жерін конфискелегенде елгегі барлық жерді мемлекет меншігіне, демек, барлық жерді халық пайдасына алуды, барлық банктерді жалпы ұлттық бір банк етіп қосуды, Советтер тарапынан олардың жұмысына қатты бақылау жүргізуді, со- нымен қатар, қорамдық өндіріс пен азық- түлікті бөлу ісіне Советтердің бақылауын мұлтіксіз жүзеге асыруды талап етті.

И. В. Сталин жолдас В. И. Лениннің тарихи Апрель тезистерінде алға қойыл- ған пролетариаттың революциялық міндет- терін жүзеге асыру үшін белсене күресті. Сталин жолдас Лениндік бұл қағидаларды қорғап, дамытты. Россия халқының басым көпшілігі шаруалар және сол шаруалар- дан құралған солдаттар өздерінің өмірлік мүддесі үшін жер алуды көксейтінін айта келіп, Лениннің мына сөзін дәлелдеді: империалистер өкметі халыққа жер бер- мейді, жерді помещиктерден тартып алу керек, ал, бұл тек бүкіл өкмет билігі Со- веттер қолына көпшеден ғана мүмкін бо- лады деді. Қорытып айтқанда, жер мәсе- лесі революцияның негізгі мәселесімен — өкмет мәселесімен тығыз байланысты және ұштасты екенін ашып көрсетті.

Сталин жолдас «Жер шаруаларға бері- сің» деген мақаласында ол уақытша үк- мет жерді шаруаларға беруді қаламайтын- дығына не себепті таңданбау керек екенін түсіндіре келіп, былай деді: өйткені ол —Фабриканттар мен помещиктердің үкме- ті «сондықтан біз бүкіл Россияның шаруа- ларын, барлық кедей шаруаларын өздері- нің ісін өз қолдарына алып, оны алға бас- туыра шақырамыз» (Шығармалары, III- том, 35-бет). Сталин жолдас шаруаларға, революциялық шаруалар комитеттеріне шаруаларды құрылтай жыйналысын күт- пестен, помещиктердің жерлерін тартып алып, бұл жерге егін егуге кірісуді ұсы- ны. Мұндағы негізгі мақсат —пролетариат- тың мен кедей шаруалардың өміріне

маңызды ішкі партиялық міндеттерді де қойды. Партия съезін шақыру, партия- ның программасын қайта қарау, социал- демократ партиясы деген аттан бастар- тып, Коммунистік партия деп атауды та- лап етті. Партияның мұндай аты дұрыс- ғылаи ат, өйткені, большевиктер пар- тиясы коммунистік қоғам орнатуды өзі- нің түпкі мақсаты деп біледі. В. И. Ленин оппортунизмнен, социал-шовинизмнен азат болған жаңа коммунистік III интер- националды құрудың қажет екенін дәлел- деді.

В. И. Лениннің Апрель тезистері жаңа тарихи жағдайда марксизмді творчество- лық дамытудың данышпандық үлгісі бол- ды. Бұл тезистерде жеке алған бір елде социализмнің жеңу мүмкіндігі туралы лениндік ғылым ілгері дамытылған, бур- жуазиялық- демократиялық революциядан социалистік революцияға көшудің даныш- пандық жоспары жасалған, пролетариат диктатурасының мемлекеттік түрі, мемле- кеттің жаңа типі ретінде Советтерді тап- ты.

Ленин жаңа тарихи тәжірибеге, әсіресе, 1905 және 1917 жылдардағы орыс рево- люцияларының тәжірибесіне сүйене оты- рып, пролетариат диктатурасының неғұр- лым қолайлы саяси түрі парламенттік де- моқратиялық республика емес, Советтер Республикасы деген қортындыға келіп, жаңалық ашты.

В. И. Ленин Апрель тезистерінде Со- веттер демократияның жоғарғы формасы, ал, буржуазия-демократиясы —азшылық- тың көпшілікке үстемдік жүргізуі екенді- гін дәлелдеді. Ленин АҚШ-ты мысалға алып, буржуазиялық демократияның іріп- шірігендігін дәлелдеп, әшкереледі. АҚШ- та бостандық туралы айтылған жалған сөздердің бүркеуімен еңбекшілер үнемі қанаалып, правосынан айрылып, қайыр- шылаып отырғанын көрсетті. Лениннің бұл қағидасын өмір толық сыйпаттады.

Пролетариат революциясының жеңуі, елімізде социализм орнату үшін жүргізіл- ген күрестің тарихы В. И. Лениннің тапқан жаңалығының ұзылығын көрсет- ті. Егер марксизмнің парламенттік демок- ратиялық республика туралы ескі қағида- сы орнына Ленин Советтер Республика- сы туралы жаңа қағида шығармаған бо- лса, онда деді Сталин жолдас «партия қа- раңғыда адасып жүрер еді, Советтер тоз- тоз болар еді. Совет өкметі болмас еді, марксистік теорияға үлкен нұқсан келер еді. Пролетариат ұтылар еді, пролетариат- тың жаулары ұтар еді». (БК(6)II тарихы- ның қысқаша құрамы, 341-бет).

Ауыл-селоны радиоландыра берейік

Радио — бұқараны саяси және мәдени жағынан тәрбиелеудегі ең күшті құрал- дардың бірі. Үкмет пен партия совет халқын радиомен қамтуға ерекше мән беріп отыр. Көзір әр жұмысшының, колхозшы мен интеллигенттің семьясы радиомен пайдаланады.

Соңғы жылдарда колхоздарды радио- ландыру кеңінен өріс алды. 1951 және 1952 жылдарда облыс бойынша 48 кол- хозда радиоторабы, жұмысшылар мен колхозшылардың үйіне 3 мыңнан астам радиоточка орнатылды.

Үстіміздегі жылдың бірінші тоқсаны- ның өзінде ғана 3 колхозда радиотора- бы, 200-ден астам радиоточка орнатыл- ды. Ал, облыстың барлық радиоторап- тары бойынша мыңға жуық радиоточка орнатылып, бірінші тоқсанның жоспары 145 процент болып артығымен орындал- ды.

Радиоточкалар орнатуда Совет, Мам- лют және Конохов аудандық байланыс мекемелері мен Петропавл радиоторабы зор табыстарға ие болды.

1953 жылы облыстық радиоторабы- ның қызметкерлері 27 колхозға радио- торабын орнатып, 160 километрге созы- латын радиохабарлар тарататын жол тарту және колхозшылардың үйлеріне екі мыңнан астам радиоточкалар орна- туды жоспарлап отыр.

Бұл игілікті жұмысты орындауға пар- тия, совет және комсомол ұйымдары- ның үнемі көмектесіп, басшылық жа- сауы қажет. Сонда ғана ауыл-селоны радиоландыру жұмысын табысты аяқ- тап, колхозшыларды радиомен мәде- ниетті қамтйй аламыз.

Бұл күндері облыстық радиоторабы- ның қызметкерлері мен жұмысшылары Бірінші май алдындағы социалистік жа- рысқа ұштасып, алған міндеттемелерін аброймен орындау үшін еңбек етуде.

В. МИЖУЕВ,

Облыстық радиохабары сеті дирекциясының бастығы.

Мұғалімдер күні

Жұырда Булаев ауданының орталы- ғы —Булаев селосында мұғалімдер кү- ні өткізілді. Бұған ауданның көптеген мектептерінің мұдалімдері қатысты. Мұ- ғалімдер күніне қатысушылар «Еңбек- ке коммунистік көзқарас», «Балалардың еркі мен мінезін тәрбиелеу» және бас- қа тақырыптарда лекциялар тыңда-

ды. Мұғалімдер арасында шахмат тур- нирі ұйымдастырылып, атқыштар жа- рысы өткізілді.

Мектеп оқушылары мен оқытушыла- рын өзірлеген түрлі методикалық құ- ралдардан сурет көрмесі ұйымдасты- рылды.

Автомашинаны үйрену үйірмесі

Совет сәвхозындағы жетіжылдық мек- теңгің дирекциясы мен комсомол ұйымы 6—7 класс оқушылары үшін автомашина- ны үйрену үйірмесін ұйымдастырды. Үйір- меде 56 бала оқыйды. Үйірмені шофер коммунист Двоглазов жолдас басқара- ды. Оқушылар автомашинаны үйрену

жөніндегі алған теориялық білімін тәжі- рибеге жүзінде толықтырып отырады.

Үйірмеде теориялық оқу толық дерлік аяқталып, соңғы кезде 3 рет тәжірибе са- бағы өткізілді. Оқушылар машинаның құ- рылысын, оны жүргізуді ойдағыдай мең- геруде.

Жарияланбаған хаттың дерегі

„Колхоз ішіндегі ашылмаған сыр“

«Ленин туы» газетінің редакциясына осы тақырыпта тілші хаты түскен еді. Онда Ленин ауданындағы «Орталық» колхозы басшыларының ауылшар- уашылық артелінің үлгілі Уставын бұз- ғаны, өздерінің қызмет бабын пайдала- нып, колхоздың тұқымдық астығын заң- сыз өздері бөлісіп алғандығы айтылған болатын.

Таймоллинге және колхоздың егіс брига- дасының бұрынғы бригадирі Тілеуғазин- ге, колхоз қоймасының меңгерушісі Ті- леужановқа партиялық қатты жаза — ақырғы сөгіс берілді. Тілеужанов пен Тілеуғазин қызметтен босатылды. Кол- хоз есепшісі Сыздықов есеп жұмысын дұрыс жүргізбей, қойма меңгерушісімен жемтіктес болғаны үшін қызметтен бо- сатылды.

ҚКП Ленин аудандық комитетінің кезекті бюросы «Орталық» колхозы басшыларының ауылшаруашылық арте- лінің Уставын бұрмалағандығы жөнінде мәселе қарады. Тексере келгенде тілші хатында көрсетілген фактілер толық анықталды.

Колхоз партия ұйымының секретары Мұжанов жолдасқа колхоз басқармасы- ның жұмысына дұрыс басшылық жасап, бақылап отырмағаны үшін ескерту бе- рілді.

С. ҚАРЫМСАҚОВ,

ҚКП Ленин аудандық комитетінің

жұмысшы табы жарым жолда қалып қоймай, революцияны алға бастыруға тиіс екенін көрсетті.

Орыстың февральда болған II революциясын пролетариат бастады, ол шаруаларды өзінің соңынан ертіп отырды. Пролетариаттың және большевиктер партиясының басшылығы революцияның жеңуін, патша өкметінің құлауын қамтамасыз етті. Патша өкметін құлатқаннан кейін екінші күні революциялық өкмет орындары—Советтер құрылды. Мұның 1905 жылғыдан айырмашылығы сол—бұл жұмысшылар Советтері ғана болып қоймай, сонымен қатар, солдат депутаттарының да Советі болды. Бірақ, революцияның алғашқы кезінде пролетариаттың саналылығы мен ұйымшылдығының жеткіліксіз болуын пайдаланып, меньшевиктер мен эсерлер Советтердегі депутаттық орындардың көбін алды. Меньшевик-эсер партиясы басшыларының сатығыштығының салдарынан буржуазиялық уақытша үкмет құрылды. Сонымен, Россияда екі өкмет, екі диктатура: буржуазия диктатурасы—уақытша үкмет және пролетариат пен шаруалар диктатурасы—жұмысшы, солдат депутаттарының Советтері болды.

Еліміздің саяси өмірі шиеленісе түсті, карама-қарсы екі диктатура арасында тап күресі барған сайын күшейе берді. Советтердің сенімімен пайдаланып, ұсақ буржуазияшыл партиялардың жәрдемімен беделге не болып отырған уақытша үкметті бірден құлатуға тікелей бет алуға болмады, сонымен қатар, бұл үкметке сенім жариялап, қостау жолын жүргізуге тағы болмады, себебі ол империалистік буржуазия үкметі болды.

Отанымыздың саяси жағдайы революцияның дамуының жаңа жағдайында, жаңа жағдайға нақты талдау жасау керек болды, большевиктер партиясына жаңа бағыт алу керек болды. В. И. Ленин бұл тарихи ауыр, бірақ, өте ардақты міндетті асқан даналықпен шешті.

В. И. Ленин өзінің атақты Апрель тезистерінде пролетариатты және большевиктік партияны буржуазиялық-демократиялық революциядан социалистік революцияға өтудің революциялық айқын программасымен қаруландырды, революцияның барлық негізгі мәселелеріне асқан даналықпен айқын, нақты жағдайға нақты терең мағыналы жауап берді. Февраль революциясының сипаты мен келешегіне В. И. Лениннің көрегендігімен берген сипаттамасын еліміздегі революциялық оқығалардың кейінгі барысы мен беталысы толығымен дәлелдеді.

В. И. Ленин шетелден келгенге дейін Сталин жолдас Турухан айдауынан революцияшыл Петроградқа қайтқаннан кейін, большевиктердің Орталық және Петербург-

алып, ысыды, оның сана-сезімі артты. В. И. Ленин 1905 жылдың өзінде-ақ буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға ұласуы туралы теориясын және стратегия мен тактикасын жасап берді, 1915 жылы Ленин белгілеген социализмнің бір елде жеңу мүмкіншілігі теориясымен қаруландырды. Ал, Апрель тезистеріндегі басты жаңалық—бұл тезистер социалистік революцияға көшудің теорияға негізделген нақты жағдайға сәйкес нақты жоспарын жасап берді.

В. И. Ленин едің сол кездегі саяси жағдайының өзгешелігі еналдымен көс өкметтілікте екенін атап көрсетті. В. И. Ленин большевиктердің Советтерде азшылық болып, меньшевиктердің көпшілік болу себебін ашып берді, не себепті жұмысшы мен шаруа өз еркімен өкметті буржуазиямен бөлісіп отырған себебін ашып көрсетті. Мұның негізгі себебі мынада болды: Советтерге өтіп алған меньшевиктер мен эсерлердің революцияның алғашқы күндерінде Советтерде көпшілік орын алғандығында болды. Советтерде пролетариатқа буржуазиялық ықпал жүргізуші меньшевиктер мен эсерлер революция, социализм туралы жалған уәделер мен дұрықпа сөздерді бетке ұстап, олар іс жүзінде революцияға опасыздық етті, буржуазиямен келісім жасады. Ымырашыл партиялардың империалистік буржуазияның әлеуметтік тілегі болып отырған бұл ұсақ буржуазиялық партиялардың сыр-сыйна-ты, әсересе, осы көс өкметтілік кезінде өте айқын және ашық көрінді. Италиядағы, Батыс Германиядағы, Франциядағы, Англиядағы тағы басқа елдердегі кәзіргі ымырашыл реформист партиялардың идеялары да дәл осындай опасыздық саясат. Олар өздерін «социалистер» дейді, «демократия» және «социализм» туралы халық арасында аз мылжындан жүрген жоқ, іс жүзінде империалистік буржуазияның әлеуметтік сүйенер тірегі болып, оның ықпалын жұмысшы табы арасына таратушы болып жүргені мәлім.

В. И. Ленин көс өкметтіліктің себебі қалып бұқараның саналылығы мен ұйымшылдығы жеткіліксіз болғандығынан екенін олар буржуазияның және оның итаршыларының өтірігіне алданып қалғанынан екенін ашып көрсетті. Ленин еңбекші халықтың саяси жағынан әлі де жетілмегендігі, ұйымшылдығы жағынан шұныкпағандығы, ымырашыл партиялардың опасыздығынан болғанын айқын көрсетті.

В. И. Ленин осындай тарихи жағдайда Советтердің сенімімен пайдаланушы уақытша өкметке қарсы көтеріліс жасауға шақырған жоқ, ал, түсіндіру, пролетариат пен шаруа бұқарасын өзіне тартып, Советтерде көпшілікті өз жағына шығару

ғын нығайтып, социалистік революция жасауды қамтамасыз ету еді.

В. И. Ленин Апрель тезистерінде империалистік соғысқа қатысушылардың барлығының басқыншылық мақсатын, әсересе, бүкіл дүние жүзінде америк империалистерінің үстемдігін орнатуға бағытталған агрессияшы сыртқы саясат жүргізуші АҚШ-тың басқыншылық мақсатын әшкереледі.

Февраль революциясынан кейін де жүріп жатқан соғысқа сыйпаттама бере келіп, В. И. Ленин былай деп жазды: «Соғыс жаңа уақытша үкмет тұсында да, бұл үкмет капиталистік сыйпаттама болғандықтан тонаушы империалистік соғыс болып қалады. Сондықтан «революциялық қорғаншылыққа» аз да болса жеңілдік беруге болмайды. Социал-шовинизм қорғаншылық—орыс революциясының одан әрі дамуының жаңа табысқа жетуінің ең қас жауы» (Шығармалары, XXIV-том, 44-бет).

В. И. Ленин соғысты тоқтату және бейбітшілікті қамтамасыз ету мәселесін диктатура мәселесімен, өкмет билігін қолға алу мәселесімен тығыз байланыстыра келіп, пролетариаттың соғысқа, бейбітшілікті қорғау ісіне қалай қарайтынын ашып көрсетіп берді:

«Революцияшыл обороншылдықты шын мәнінде ақтайтын революциялық соғысқа саналы пролетариат тек мынадай шартпен: а) өкмет пролетариаттың және шаруалар ішіндегі пролетариатқа қосылатын аса кедей таптардың қолына көше, б) аннексияның бәрінен сөз жүзінде емес, іс жүзінде бастартылса, в) капитал мүдделерінің бәрінен іс жүзінде толық қол үзілсе ғана өзінің ризалығын бере алады» (Шығармалары, XX-том, 87-бет).

В. И. Ленин соғыстың екі түрлі сыйпаты бар екенін ашып көрсетті. Өділ және әділетсіз соғыс туралы маркстік ғылымды дамыта келіп, саналы пролетариат өкмет жұмысшы табы мен аса кедей шаруалардың қолына көшкен жағдайда ғана революциялық соғысқа өзінің келісімін бере алатынын ерекше атап көрсетті.

В. И. Ленин негізгі соққыны буржуазияның көмекшілеріне—ұсақ буржуазиялық меньшевиктер мен эсерлер партияларына қарсы жұмсап, оларды әшкерелеуге шақырды. Ленин бұл ұсақ буржуазия партияларын империалистік буржуазияның итаршылары деп қатты мінеді, капиталдың империалистік соғыспен тығыз байланыстылығын, капитал өкметін құлатпай тұрып соғысты тек демократиялық бітіммен бітіруге болмайтындығын бұқараға түсіндірудің өте қажет екенін атап көрсетті.

В. И. Ленин Апрель тезистерінде өте

Троцкийшілдер социалистік революцияның жеңу мүмкіншілігіне сенбеушілік тұғызға, большевиктер партиясын революцияның қыйыншылықтарымен үрейлендіруге тырысты. Партия мұндай опасыздарға соққы беріп, әшкереледі.

1917 жылы октябрьде Россияның жұмысшы табы кедей шаруалармен одақтаса отырып, большевиктер партиясының және оның данышпан көсемдері Ленин мен Сталиннің тікелей басшылығы арқасында помещиктер мен капиталистердің өкметін құлатып, елімізде Совет өкметін орнатты.

В. И. Лениннің Апрель тезистерінде пролетариат пен еңбекшілер үшін белгіленген әлеуметтік ұлы өзгерістер программасы елімізде Сталин жолдасын басшылығымен толық жүзеге асырылды.

В. И. Ленин мен И. В. Сталин Октябрь революциясы жеңісінің бүкіл дүниежүзілік халықаралық маңызы барлығын көрсетті. Бұл жеңіс социализмнің дүние жүзіне түсіретін жарық жұлдызы болды, бүкіл дүние жүзі еңбекшілеріне Совет Республикасының өмір сүруінің орасан зор маңызын ашып көрсетті. Совет Одағы тарихи қысқа мерзім ішінде күрес пен жеңістің тарихында бұрын-соңды болып көрмеген үлкен жолдарынан өтті. Оны коммунизм жолымен Коммунистік партия, оның ұлы көсемдері Ленин мен Сталин бастап келді.

Марксизм-ленинизм ілімі күдіретті, өйткені, ол—дұрыс. Бұл ілімнің күші қоғамның даму заңдылығын білуде, оның теориясы мен тактикалық жұмысының тығыз байланыстылығында, қоғамның прогресшіл жолмен даму мүддесіне дұрыс жауап беруінде болды. Ленин мен Сталиннің еңбектерінде революцияшыл теорияның қандай зор рухтандырушы, ұйымдастырушы және ұлы өзгерістер жасаушы күшінің барлығын содан бергі өміріміз толық көрсетті. Партиямыз—халықтың намысы, ақыл-ойы және ожданы деген В. И. Лениннің нұсқауының дұрыстығын өмір толығымен дәлелдеп отыр.

Партиямыз Сталин жолдасын басшылығымен Лениннің нұсқауларын орындай отырып, елімізде социализм орнатты. Лениннің туы астында, Сталиннің басшылығымен Отанымыздың халықаралық жағдайы өзгерді. 800 миллион халқы бар демократия мен социализмнің қуатты лагері құрылып қалыптасты. Бүкіл дүние жүзінде Коммунистік және Жұмысшы партияларының санымен қатар саналығы да өсті.

Советтік қоғамның коммунизмге қарай өрлеп, дамуын тоқтата алатын дүние жүзінде ешқандай күш жоқ.

З. БЛАҚБАЕВ.

«Орталық» колхозының председатели — секретары.

Кореядағы оқығалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ ПХЕНЬЯН, 22 апрель. (СОТА).

Корей Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиясі бүгін Корей Халық армиясының құрамалары және қытай халық еріктілерінің бөлімдері барлық майдандарда дұшпанға қарсы қорғаныс ұрыстарын жүргізуде болды деп хабарлады. Майдандарда басқа өзгерістер болған жоқ.

Кеше түнде америк самолеттері Хамхын төңірегіндегі бейбіт аудандардың халқына жаңадан шабуыл жасады. Осы бомбылаудың салдарынан көптеген бейбіт адамдар қазаға ұшырап, көптеген үйлер қыйратылды және өртенді.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері және жау самолеттерін атқыштар дұшпанның 4 самолетін атып түсірді.

КОРЕЯДА АУРУ ЖӘНЕ ЖАРАЛЫ СОҒЫС ТҮТҚЫНДАРЫН АУЫСТЫРУ

ПЕКИН, 21 апрель. (СОТА). Синьхуа агенттігі тілшісінің Кэсоннан берген хабарына қарағанда, бітім туралы келіссөздер жүргізуші корей-қытай делегациясы бүгін мынадай мазмұндама жариялаған:

21 апрельде екі жақ Паньмыньчжоньде ауру және жаралы соғыс тұтқындарын еліне қайтаруда болды. Корей-қытай жағы 50 корей, 35 америк, 12 ағылшын, 3 түрік—барлығы 100 адамды еліне қайтарды. Екінші жақ Корей Халық армиясының жеке құрамынан 50 соғыс тұтқынын және 450 қытай халық еріктілерін—барлығы 500 адамды еліне қайтарды.

ПЕКИН, 22 апрель. (СОТА). Синьхуа агенттігі тілшісінің Кэсоннан берген хабарына қарағанда, бітім туралы келіссөздер жүргізуші корей-қытай делегациясы бүгін мынадай мазмұндама жариялаған:

22 апрельде корей-қытай жағы екінші жаққа 100 ауру және жаралы корей соғыс тұтқынын қайтарып берді; басқа жақ корей-қытай жағына Корей Халық армиясының жеке құрамынан 350 ауру және жаралы соғыс тұтқындарын және 150 ауру және жаралы қытай халық еріктілерін қайтарды.

ЦЕЙЛОНДА ПРОГРЕСШІЛ ГАЗЕТТІҢ РЕДАКТОРЫН ТҮТҚЫНДАУ

ПАРИЖ, 22 апрель. (СОТА). Франс Пресс агенттігінің хабарына қарағанда, Совет Одағына барған сапарынан Цейлонға қайта оралған ағылшын тілінде шығатын жергілікті «Пиплс Войс» газетінің редакторы Тамил К. Вайкунт-

хавасанның тұтқынға алынғандығы туралы бүгін Коломбада мәлім болып отыр.

Редактор **Ф. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

КИНОЛАРДА

«УДАРНИК» кинотеатрында

Бүгін және күн сайын
«ЕНШІЛЕС МАЛАЙ»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.
Касса сағат 3-тен бастап ашық.

«ОКтябрь» кинотеатрында

Бүгін және күн сайын
«ЛЮБОВЬ ЯРОВАЯ»

Сеанстар сағат 4-6-8-10-да басталады.
Касса сағат 3-тен бастап ашық.

1953 жылдың екінші жартысына облыстық «Ленин туы» және «Ленинское знамя» газеттеріне жазылушылар қабылдана бастады

Газеттерге байланыс Министрлігінің барлық конпорларында, бөлімшелері мен агенттіктерінде, кәсіпорындарындағы, мекемелердегі, совхоздардағы, колхоздар мен МТС-тердегі қоғамдық өкілдер арқылы жазылуға болады.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, партия және ауылшаруашылық бөлімдері —2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері—3-39, корректорлар

Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, бюросы—4-39, Газет баспасы—5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.